

Ұлттық валюта - Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 804 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 804 Жарлығы

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасы жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Мына:

1) "Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 38, 384-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 26 маусымдағы № 624 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 309-құжат);

3) "Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 29 қаңтардағы № 743 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 3, 16-құжат);

4) "Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 185 Жарлығының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 38, 384-құжат; 2008 ж., № 31, 309-құжат; 2014 ж., № 3, 16-құжат; 2016 ж., № 7, 27-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің

Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасы

Ескерту. Тұжырымдамада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталарының дизайнын (бұдан әрі – банкноттар мен монеталар дизайны) әзірлеудің негізгі қағидаттарын айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) айналысқа шығаратын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – Қазақстан теңгесінің банкноттары мен монеталары Ұлттық Банктің сөзсіз міндеттемелері болып табылады және оның барлық активтерімен қамтамасыз етіледі және олардың белгіленген құнымен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қабылдануға міндетті.

3. Осы Тұжырымдамада пайдаланылатын ұғымдар:

1) банкноттар мен монеталар – Ұлттық Банк айналысқа шығаратын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгенің ақша белгілері;

2) инвестициялық монеталар – инвестициялау және жинақтау объектісі болып табылатын, бағалы металдардан дайындалған монеталар;

3) коллекциялық монеталар – коллекциялау және жинақтау объектісі болып табылатын, бағалы металдардан, сол сияқты бағалы емес металдардан жасалған, шектеулі таралыммен дайындалған мерекелік, естелік және өзге де арнайы соғылған монеталар;

4) айналыстағы монеталар – бағалы емес металдардан дайындалған және қолма-қол ақша айналысына арналған монеталар.

4. Банкноттар мен монеталарды дайындаған кезде денсаулыққа зияны жоқ материалдар пайдаланылады.

5. Банкноттар мен монеталардың дизайнын және олардың номиналдық құнын Ұлттық Банк Басқармасы осы Тұжырымдама негізінде айқындайды.

2-тарау. Банкноттар мен монеталар дизайнының ерекшеліктері

6. Банкноттар мен монеталар дизайнының міндетті элементтері:

1) номиналдың цифрмен және (немесе) әріппен белгіленуі;

2) түпнұсқалығын айқындауға мүмкіндік беретін және қолданыстағы қорғау технологияларын қолдана отырып, қолдан жасаудан қорғауды қамтамасыз ететін элементтер;

3) эмитент елінің және (немесе) эмитенттің ресми атауы;

4) банкноттардың бет жағында және монеталардың бет немесе сырт жағында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі болып табылады.

7. Банкноттар дизайнының қосымша элементтері:

1) сериялық нөмірі және дизайнының бекітілген жылы;

2) төрағалығы кезінде банкноттардың дизайны бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының қолы;

3) банкноттарды қолдан жасау үшін жауаптылық туралы жазба.

Соғылған жылы монеталар дизайнының қосымша элементі болып табылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 31.07.2023 № 291

Жарлығымен.

8. Банкноттар мен монеталар дизайнында мынадай бейнелердің бірі және (немесе) бірнешеуі пайдаланылады:

1) қазақтың ою-өрнегі немесе оның құрамдас бөліктері;

2) Қазақстанның тарихына және дамуына үлес қосқан аса көрнекті тұлғалардың портреттері;

3) Қазақстанның бірегей тарихи, географиялық орындары және сәулет ескерткіштері және (немесе) олардың бөліктері;

4) мемлекеттік және халықаралық оқиғаларға арналған бейнелер;

5) Қазақстан флорасы мен фаунасының бейнелері;

6) Қазақстанның тарихына, мемлекеттілігіне, саясатына, құқығына, экономикасына, ғылымына, біліміне, мәдениетіне, өнеріне, спортына, дамуына байланысты бейнелер;

7) дүниежүзінің құндылықтарына, игілігіне, тарихына және мәдениетіне байланысты бейнелер;

8) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тауар белгісінің (логотипінің) бейнесі;

9) өзге де цифрмен және әріппен берілген жазбалар.

9. Банкноттар мен айналыстағы монеталардың дизайны бірыңғай дизайнерлік безендіру негізінде әзірленеді.

10. Банкноттар мен монеталар дизайнында пайдаланылатын жазбалар мәтіні мемлекеттік тілде ресімделеді. Инвестициялық және коллекциялық монеталар дизайнында шет тілдерде жазбалар пайдалануға жол беріледі.

11. Инвестициялық және коллекциялық монеталар дизайнында монеталар дайындалған металды, оның сынамын және массасын білдіретін жазбаларды пайдалануға жол беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК